



ШЕШІМ

РЕШЕНИЕ

2019 жылғы 22 қарашасы

№ 487

**Ақтөбе қалалық мәслихатының 2017 жылғы 21 желтоқсандағы № 272
«Ақтөбе қаласы бойынша сот шешімімен қоммуналдық меншікке түскен
болып танылған иесіз қалдықтарды басқару қағидаларын бекіту туралы»
шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 19-1 бабының 3) тармақшасына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына сәйкес, Ақтөбе қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ақтөбе қалалық мәслихатының 2017 жылғы 21 желтоқсандағы № 272 «Ақтөбе қаласы бойынша сот шешімімен қоммуналдық меншікке түскен болып танылған иесіз қалдықтарды басқару қағидаларын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5831 болып тіркелген, 2018 жылғы 22 қаңтарында электрондық түрде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген шешіммен бекітілген Ақтөбе қаласы бойынша сот шешімімен қоммуналдық меншікке түскен болып танылған иесіз қалдықтарды басқару қағидаларында:

б-тармағы келесі редакцияда жазылсын:

«6. Қалдықтарды есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдалану Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 шілдедегі №833 «Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мүлікті есепке алудың, сақтаудың, бағалаудың және одан әрі пайдаланудың кейбір мәселелері» қаулысымен бекітілген Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдалану қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.»

2. «Ақтөбе қалалық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді, оны ресми жариялағаннан кейін Ақтөбе қалалық мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Ақтөбе қалалық
мәслихатының сессия төрағасы**

А. Өтегенов

**Ақтөбе қалалық
мәслихатының хатшысы**

С. Шынтасова

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі
облысының/қаласының Әділет департаменті
Нормативтік құқықтық акті 27.11.2019
Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік
тіркеудің тізіліміне № 6493 болып енгізілді

Результаты согласования

ГУ «Аппарат маслихата города Актөбе» - руководитель аппарата Манас Игнатұлы Ершеге, 22.11.2019 17:07:35, положительный результат проверки ЭЦП
ГУ «Аппарат маслихата города Актөбе» - Секретарь маслихата Сулупан Панаевна Шынтасова, 22.11.2019 17:10:47, положительный результат проверки ЭЦП
ГУ «Аппарат маслихата города Актөбе» - Председатель сессии Ардак Садакбаевич Утегенов, 22.11.2019 17:15:11, положительный результат проверки ЭЦП
Департамент юстиции Актюбинской области - Руководитель департамента Бекбулат Жуматаевич Колумбаев, 26.11.2019 12:05:53, положительный результат проверки ЭЦП